

Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 қазан N 1257. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.31. N 765 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2832 Заң күші бар Жарлығын және "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 3 қазанындағы N 2475 Заң күші бар Жарлығын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Советінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 115-бап) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалуынсыз жолаушылар тасымалдауға жол берілмейді.

3. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды сақтандырудың аталмыш түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары жүзеге асырады. Сақтандыру ұйымдарын тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігіне міндетті сақтандыру жүргізуге жіберілуіне босату үшін арналған қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауы белгілейді.

4. Тасымалдаушының (сақтанушының) тиісті лицензиясы бар кез-келген сақтандырушымен жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға құқығы бар.

5. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру тарифы олардың алдында оның азаматтық жауапкершілігі сақтандырылған тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдағаны үшін алынған түсімі сомасының 0,5 проценті мөлшерінде белгіленсін.

6. Жол жүру (ұшу) кезінде болған сақтандыру оқиғасының нәтижесінде жолаушының өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген залал үшін мынадай мөлшерлерде (ең төменгі айлық есептік көрсеткіштермен):

мүгедектік кезінде 1-топқа - 500

2 - т о п қ а - 4 0 0

3 - т о п қ а - 3 0 0 ;

жалпы еңбекке жарамдылығын уақытша жоғалтқан кезде әр емделген күні үшін - 1,5 бірақ 200-ден артық емес;
жолаушы қайтыс болған кезде - 600;

бүлінген (жойылған) немесе ұрланған мүлік үшін - іс жүзіндегі залалдың мөлшерінде, бірақ 250-ден артық емес сақтандыру өтемі төленуге жататындығы белгіленсін .

7. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша келтірілген зиян (залал) үшін сақтандыру төлемдері ставкаларының мөлшері мен сақтандыру өтемінің мөлшерін өзгертуді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөнінде операция жүргізетін сақтандыру ұйымдары бұл мақсатқа сақтандырудың осы түрі бойынша сақтандыру төлемдерінің 75 процентін бағыттау арқылы сақтандыру резервін құрады.

9. Сақтандыру резервтерінің тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру өтемін төлеуге арналған қаржыларын сақтандырудың басқа түрлері бойынша төлеу үшін пайдалануға болмайды .

10. Сақтандырушылар тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша түскен сақтандыру төлемдерін аударудың есебінен көлікте авариялық жағдайлардың алдын алу жөніндегі шараларды қаржыландыру резервін құра алады.

11. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқарушы органдар осы қаулыға қайшы келетін нормативтік актілерді, нұсқаулықтар мен бұйрықтарды қайта қарауды қамтамасыз етсін.

12. Мыналар күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасында жолаушыларды міндетті түрде сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 желтоқсандағы N 1014 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 47 , 699 - қ ұ ж а т) ;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылдың 2 желтоқсандағы N 1014 және 1992 жылдағы 7 желтоқсандағы N 1030 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 11 маусымдағы N 501 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 23, 289-құжат) 1-тармағы.

13. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 14 қазандағы

№ 1257 қаулысымен

Бекітілген

Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүргізудің тәртібі мен шартын айқындайды және сақтандыру қорғанысын ұсыну мен әуе, теміржол, теңіз, ішкі су, автомобиль (мемлекетаралық және облысаралық қатынастар бағыттарындағы) көлігі құралдарымен (бұдан әрі - тасымалдаушы) тасымалданған азаматтардың мүдделеріне тигізілген зиянды өтеу кепілдігін қамтамасыз етеді.

Осы Ереже тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

2. Ережеде мынадай анықтаулар пайдаланылады:

тасымалдаушы - бұл меншіктік құқымен немесе өзге де заңды негізде көлік құралына иелік етуші, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау жөнінде ақы алып немесе жалданып қызмет көрсететін және оған белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты немесе лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлға;

жолаушы - жол жүру құжаттарын сатып алу жолымен тасымалдаушымен тасымалдау шартын жасасқан жеке адам, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тегін жүру құқын пайдаланып жол жүруші адам;

жүк - жолаушының қолындағы немесе тасымалдаушыға өткізген мүлкі, тасымалдаушы, белгіленген жеріне жеткізуге және жүк түбіртегінің негізінде оны жүкті алуды өкілетті адамға беруге міндетті тасымалдаушыға өткізілген мүлік;

сақтандыру жағдайы - жолаушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру, сондай-ақ осы Ережеде көзделген оқиғалардың салдарынан олардың жүгінің бұлынуы (жойылуы);

зардап шегуші - жолаушыларды және олардың жүктерін тасымалдауды жүзеге асыру кезінде көлік құралдарын пайдаланудың нәтижесінде өміріне,

денсаулығына немесе мүлкіне залал келтірілген жолаушы.

3. Тасымалдаушы (сақтанушы) жолаушылар алдындағы өзінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуы тиіс.

Тасымалдаушының азаматтық жауапкершілігін сақтандыру шарты жасалмаса жолаушылар тасымалдауға жол берілмейді.

4. Халықаралық тасымалды жүзеге асыратын тасымалдаушылар Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттарға сәйкес өздерінің жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

5. Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен үшінші адамға (жәбірленушіге немесе оның мұрагеріне) келтірілген зиян үшін өтем жасау міндетімен байланысты сақтанушының мүлдік мүддесі тасымалдаушының объектісі болып саналады.

II. Сақтандыру шарттары

6. Тасымалдаушының азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты үшінші тұлғаның (жолаушының) пайдасына жасалған шарт болып табылады, яғни көлік құралдарын пайдалану кезінде, жолаушылар мен олардың жүгін (багажын) тасуды жүзеге асырғанда, қолданылып жүрген заңдарда көзделген өз міндетін сақтанушының байқамай әдейілеп емес бұзуы салдарынан үшінші тұлға мүддесіне залал әкеледі.

Сақтандыру шартының күшіне қарай сақтандырушы осы Ережеде белгіленген жағдайларда зардап шеккен жолаушыға немесе оның мұрагерлеріне сақтандыру өтемін төлеуге міндетті, ал сақтанушы осы Ережеде көзделген тәртіпте сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті.

7. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың осы түрлерімен айналысуға лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуға тиіс. Мұндай шартты жасау айтылған сақтандырушы үшін міндетті болып табылады.

Сақтанушының сақтандырушыны таңдауға құқығы бар.

8. Сақтандыру шартын жасау үшін сақтанушы сақтандырушы белгілеген нысанда өтініш жазып, оны сақтандырушыға табыс етеді.

9. Шарттың қолданылу мерзімі тараптардың келісімімен белгіленеді.

10. Тасымалдаушының азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру м ы н а д а й ж а ғ д а й л а р д а :

а) оның қолданылу мерзімі өткен соң;

б) сақтанушы таратылғанда;

в) тасымалдаушыны жолаушы тасу құқығынан айырғанда;

г) қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен сақтандырушы

т а р а т ы л ғ а н д а ;

д) сот шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдағанда;

е) егер сақтандырушы сақтандыру шартының талабын орындамайтын болса, онда сақтанушының талабы бойынша тоқтатылады.

11. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру тарифінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

12. Көлік ұйымы сақтандырушыға сақтандыру төлемін жолаушылар тасымалдаудан өткен айда түскен табыс сомасынан ай сайынғы жарна түрінде төлейді.

Тасымалдаушы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тегін жүру құқығы бар жолаушыларға сақтандыру төлемін төлеуден босатылмайды.

Сақтандыру жарнамаларын төлеу мерзімі тараптардың келісімімен белгіленеді.

Сақтандыру төлемін төлеуді кешіктірген кезде сақтанушы әр кешіктірілген күн үшін сақтандырушыға Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексінде көзделген мөлшерде (жалпы бөлім, 353-бап), өндіріп алынады, бірақ бұл сақтандыру төлемінің белгіленген жалпы сомасынан аспауға тиіс.

13. Сақтандыру шарты бірінші сақтандыру жарнасын төлеген күннен кейінгі келесі күннен бастап күшіне енеді.

Сақтандыру шартын жасау кезінде алғашқы сақтандыру жарнасы осының алдындағы айда жолаушы тасудан түскен табыс сомасы есебінен төленеді, кейін нақты алынған табысқа байланысты қайта есептеулер жасалады.

Жаңадан құрылған тасымалдаушылар үшін алғашқы жарна сомасының мөлшері тасымалдаудың жоспарланған көлеміне сәйкес айқындалады.

14. Сақтандыру төлемінің толық әрі дер уақытында аударылып тұруына бақылау жасауды сақтандырушы жүзеге асырады.

15. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Мемсаққадағалаукомы бекіткен бірыңғай үлгідегі сақтандыру полисінің бланкісіне ресімделеді.

III. Сақтандыру өтемі

16. Зәбір шегушінің немесе оның мұрагерінің сақтандырушыға өзінің мүліктік мүддесіне келген залалды өтеу туралы заңда белгіленген тәртіпте талап қою фактісі тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруы бойынша сақтандыру оқиғасы деп танылады.

Осы Ережеге сәйкес зәбір шегушіге қойылған әрбір мүліктік талап фактісі бойынша әлеуметтік сақтандыру жөнінде әлеуметтік қамсыздандыру және өмірі

мен денсаулығы үшін жауапкершіліктің сақтандыру шарты бойынша өзіне тиесілі сомаға қарамастан сақтандырушы төлем жасауға міндетті.

17. Т а с ы м а л д а у ш ы :

өмірі мен денсаулыққа қатысты - жолаушының әуе, теңіз немесе өзен кемесіне отыру (тіркелу) жарияланған сәттен, ал поезд, автобус немесе өзге де көлік құралының тиісті вокзалдан, порттан, станциядан, айлақтан шыққанға д е й і н г і с ә т і н е н ;

ал багажға қатысты - оны багаж бөлімшесіне өткізген (көлік құралына кіргізген) сәттен жолаушы багажын алған (көлік құралынан шығарып алған) сәтке дейін жауапкершілікте болады.

18. Сақтандырушының жауапкершілігі жолаушылардың өміріне, денсаулығына, сондай-ақ олардың мүліктері дүлей күштердің әрекеті салдарынан бүлінсе (жойылса), тасымалдаушының немесе жолаушының әдейі істеуінен сақтандыру оқиғасы басталса, бұған сапарға (ұшу) шығумен, көлік құралдарында жолаушыларға қызмет көрсету немесе оны көрсетілген пунктте (елді мекенде) қалдыруға тікелей байланысы жоқ айрықша қажеттік пен қорғану қажеттігіне орай жүргізілген әрекеттер, өзге де оқиғалар қосылмайды.

19. Сақтандыру оқиғасы басталған кезде тасымалдаушы құзыретті органдармен бірлесіп белгіленген нысанда 2 дана етіп акті жасауға міндетті, біріншісі жолаушыға немесе оның мұрагеріне тапсырылады (2-5-қосымшалар).

20. Жолаушының өмірі мен денсаулығына келген зардап үшін келген залалдың дәрежесіне қарай, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті медициналық сақтандыру немесе өзге де сақтандыру шарттары бойынша берілетін төлемдерге қарамастан сақтандыру өтемі төленеді.

21. Тасымалдауға қабылдаған багаждың құрығаны немесе жоғалғаны үшін: құны хабарланбаған, сондай-ақ жолаушының өзімен бірге алып жүрген зат үшін сақтандырушы сол жоғалған багаж бен жолаушының өзі алып жүрген заттың немесе оның жетпей қалған бөлігінің нақты мөлшерінде;

құны хабарланғаны үшін - егер де тасушы хабарланған құнның нақты құннан жоғары екенін дәлелдей алмаса, хабарланған құнның мөлшерінде ж а у а п к е р ш і л і к т е б о л а д ы .

Багаж бен жолаушының өзі алып жүрген заттары бүлінгені үшін - олардың қаншалықты құнсызданғандығы жөніндегі соманың мөлшерінде ж а у а п к е р ш і л і к т е б о л а д ы .

22. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру өтімінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

23. Мынадай жағдайда, яғни келтірілген зиян сомасы тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру

жөніндегі шарт бойынша жауапкершілік шегінен асып кетсе, жәбірленушінің немесе оның мұрагерінің зиян келтірген тасымалдаушыға қосымша өтем туралы талап қойға құқығы бар.

24. Денсаулығына келтірілген зардапқа байланысты жолаушы (оның мұрагері) немесе басқа бір өкілетті адам тасымалдаушыдан сақтандыру өтемін төлеу туралы арыз берген кезде, тасымалдаушы 3 күн мерзім ішінде сақтандырушыға мынадай құжаттарды:

сақтандыру өтемін төлеу туралы өтінішті;
белгіленген нысан бойынша көлік ұйымы жасаған сақтандыру оқиғасы туралы актінің түпнұсқасын;
мүгедектігін растайтын немесе уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі парақтың көшірмесін беруге тиіс.

25. Егер сақтандыру оқиғасы болғаннан кейінгі үш жыл ішінде алынған жарақат салдарынан зардап шегуші мүгедек болып қалса немесе қайтыс болса, сақтандырушы бұрынғы төленгенді ескере отырып, сақтандыру сомасының мөлшерін қайта есептеу жүргізеді.

26. Қайтыс болған жолаушының мұрагері сақтандыру өтемін төлеу туралы талап қойған кезде тасымалдаушыға мынадай құжаттарды:

сақтандыру сомасын төлеу туралы өтінішті;
белгіленген нысан бойынша көлік ұйымдары жасаған сақтандыру оқиғасы туралы актінің түпнұсқасын;
жолаушының қайтыс болғаны туралы зағс органдары берген куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін;
мұрагерлік құқығы туралы нотариалдық кеңсенің куәлігін беруге тиіс.
Алынған құжаттарды тасымалдаушы 3 күн мерзімде сақтандырушыға беруге тиіс.

27. Мұрагерлік құқық туралы нотариалдық кеңсенің куәлігін алу үшін тасымалдаушы өзіне жолыққан қайтыс болған адамның мұрагеріне белгіленген үлгідегі анықтаманы (1-қосымша) беруге тиіс.

Егер жолаушының ажалы осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген оқиға нәтижесінен болса, сондай-ақ ауыру, өзін өзі өлтіру, масаю үшін қабылданған алкоголь ішімдігінен немесе өзге затпен уланса (қолында көлік ұйымдарының жасалған актісі болса да), аталған анықтама берілмейді және сақтандыру сомасы төленбейді.

28. Жолаушылар багажының бүлінуіне немесе жоғалуына байланысты зиян үшін өтем төлеу, жәбірленушінің арыз беруі бойынша, сақтандыру оқиғасы туралы актіні және құзыретті органдардың оқиға мен зиян мөлшерін растайтын құжаттарын бергенге жасалады.

29. Сақтандыру өтемін төлеу жәбірленуші жолаушыға немесе оның

мұрагеріне беру арқылы жүргізіледі.

Егер қайтыс болған жолаушының мұрагерлері болмаған жағдайда, оны жерлеуді мойнына алған адамға осыған нақты жұмсаған шығыны мөлшерінде өтемақы төленеді, бірақ бұл ең аз 40 есептеу көрсеткішінен аспауға тиіс.

30. Өтемді төлеу қажетті құжаттарды алған сәттен бастап 7 банктік күн ішінде жүргізіледі.

Төлем күні деп сақтандырушының есеп шотынан сақтандыру төлемінің сомасы шығынға жазылған күн есептеледі. Егер сақтандыру өтемі кешіктірілген жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексіне (жалпы бөлім) көзделген мөлшерде өсім төленеді.

31. Егер зардап шеккен жолаушыға сақтандыру өтемі тиесілі болса, бірақ ол тірі кезінде ала алмай кетсе, төлем оның мұрагеріне беріледі.

32. Сақтандыру сомасын төлеуден бас тартқан жағдайда сақтандырушы арызданушыға бұл туралы бас тарту себебін баяндай отырып хабарлайды.

III. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

33. Сақтандырушы :

сақтандыру оқиғасы болған кезде жәбірленушіге немесе оның мұрагеріне төлем жасауды жүргізуге немесе сақтандыру оқиғасы туралы акті жасалғаннан кейін 7 банктік күн ішінде төлем жасаудан бас тартуға міндетті.

34. Сақтандырушының :

сақтанушы хабарлаған ақпаратты, сондай-ақ сақтанушының шартты талаптары мен жағдайларын сақтануын тексеруге;

сақтандыру оқиғасының фактілері жөнінде құзыретті органдарға сұрау салуға құқықтары бар.

35. Сақтанушы :

сақтандыру жарнасын сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде және мерзімде төлеуге ;

оқиға болған сәттен бастап 3 күн ішінде сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының фактісі туралы жазбаша хабарлауға;

көлік құралында болған жазатайым жағдай туралы белгіленген нысан бойынша акт жасауға ;

үшінші адамның мүліктік талаптар фактілеріне (талап ету), оның ішінде сот тәртібімен талап етуіне байланысты сақтандырушыға осы мәселелерді реттеуге қатысуға мүмкіндік беруге ;

сақтандыру өтемін төлеу туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруге ;

егер сақтандырушыда өз талабын қанағаттандырудан бас тарту үшін немесе

талаптың мөлшерін азайтуға негіз, мүмкіндік бар болса, бұл жөнінде сақтандырушыны хабардар етуге немесе талапты тоқтату мен оның мөлшерін азайту жөнінде барлық қолдан келетін шараларды қабылдауға міндетті.

36. Сақтанушының:

сақтандырушының сақтандыру талаптары мен шарттарын қалай орындайтынын тексеруге;

сақтандырушы сақтандыру шартын бұзған жағдайда осы шартты бұзу күні белгіленген датаға дейін 30 күннен кем емес мерзімде сақтандырушыға міндетті түрде жазбаша хабарлап, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар.

Ү. Дауларды шешу

37. Сақтандыру шарты жөніндегі барлық даулар Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген тәртіппен қаралады.

1-Қосымша

Тасымалдаушының
бұрыштама

штампы

Анықтама азамат _____ берілді,
өйткені 199__ жылғы " " _____ қайтыс болған адамға қатысты тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөнінде шарт жасаған болатын.

Шарт бойынша сақтандыру сомасы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне мұрагерлік құқық туралы нотариалдық кеңсенің куәлігін көрсеткенде төлеуге жатады.

Нотариалдық кеңсеге тапсыру үшін беріледі.

Көлік ұйымының

М.О. жетекшісі _____ (қолы)

Бас бухгалтер _____ (қолы)

2-қосымша

Тасымалдаушының
бұрыштама
штампы

Тек сақтандыру ұйымдары үшін
(зардап шеккен жолаушының
өзіне немесе оның мұрагерінің

қолына беріледі)

Әуе көлігінде болған сақтандыру оқиғасы туралы
АКТ N _____

1. Азамат _____

(жолаушының т.а.ә.)

_____ (кәсіпорынның толық атауы)
әуе кемесінің жолаушысы болып табылады.
сериясы _____ N _____ авиабилеті бойынша
N _____ рейспен _____ дан _____
бара жатқан жолаушы және қону хабарланғаннан кейін (кесте бойынша
ұшу уақыты _____ сағ. _____ мин.) зардап шекті:
денсаулығына, өміріне _____
(зақымның сипаты)

2. Сақтандыру оқиғасының болған орны, күні және уақыты

_____ (күні, айы, жылы)

_____ елді мекен, қала, облыс)

3. Сақтандыру оқиғасының жағдайларын қысқаша
баяндау _____

4. Сақтандыру оқиғасын тексеру _____
(органның атауы)

_____ жүргізді.

5. Алғашқы медициналық жәрдемді кім көрсетті және зардап шегуші
қайда жіберілді _____

_____ (медициналық мекеме атауы және оның орналасқан жері)

Акт 199__жылғы _____ айының _____ күні жасалды.

Аэрокәсіпорын командирі (бастығы) _____

_____ т . а . ә .

_____ қ о л ы

Құзыретті органның өкілі (милиция, МАИ, өрт сөндірушілер
қ ы з м е т і және т . б .)

Тасымалдаушының _____

_____ т . а . ә .

_____ қ о л ы

М.О.

3-Қосымша

Тасымалдаушының
бұрыштама

Тек сақтандыру ұйымдары үшін
(зардап шеккен жолаушының

штампы

өзіне немесе оның мұрагерінің

қолына беріледі)

**Теміржол көлігінде жолаушымен болған сақтандыру
оқиғасы туралы**

АКТ N _____

1. Азамат _____

(жолаушының т. а. э.)

N _____ бағытындағы поездың жолаушысы болып табылады.

м а р ш р у т ы

Оның жол жүру кезіндегі билетінің сериясы _____

N _____ " _ " _____ 199_ ж., _____ сағ. _____

минутта осы жолаушы зардап шекті:

денсаулығына, өміріне _____

(зақымның сипаты)

_____ мүлкіне _____

(мүліктің атауы, зақымның дәрежесі)

мынадай жағдай кезінде: _____

(поезд жүріп келе жатқанда, отырғызу

_____ хабарланған соң, поездға отырып жатқан кезде, вагоннан шыққанда,

_____ поезддың астына құлағанда және т. б.)

2. Сақтандыру оқиғасы жағдайын тексеруді _____

_____ жүргізді.

3. Алғашқы медициналық жәрдемді кім көрсетті және зардап
шегуші _____ қ а й д а _____ ж і б е р і л д і

_____ (медицина мекемесінің атауы мен оның

_____ м е к е н - ж а й ы)

Акт 199_ жылдың _____ айының _____ күні жасалды.

Поездың, станцияның бастығы _____

_____ Құзыретті органның өкілі (милиция, МАИ, өрт сөндірушілер
қ ы з м е т і _____ ж ә н е _____ т . б .) .

Тасымалдаушының

М.О.

4-Қосымша

Тасымалдаушының
бұрыштама
штампы

Тек сақтандыру ұйымдары үшін
(зардап шеккен жолаушының
өзіне немесе оның мұрагерінің

қолына беріледі)

**Теңіз және су ішкі су көлігінде жолаушымен
болған сақтандыру оқиғасы туралы**

АКТ N _____

1. Осы акті мынаны растайды: қолында сериясы _____
N _____ билеті бар азамат _____

(зардап шеккен жолаушының тегі,
_____ 199__ж. "___" _____ сағ.
а т ы , _____ ә к е с і н і ң _____ а т ы)

_____ минутта _____ порттан _____ портына бара
жатқан _____ кемеде болған кезінде зардапқа
д у ш а р _____ б о л д ы :

денсаулығына, өміріне _____
(з а қ ы м н ы ң с и п а т ы)

_____ мүлігіне _____
(мүліктің атауы, бүлінуінің дәрежесі)

мынадай жағдай кезінде: _____
(сақтандыру оқиғасының қысқаша

_____ б а я н д а л у ы)

2. Жазатайым оқиға болған жерден зардап шегуші _____
(з а р д а п

шеккен жолаушының қай жерге, қандай емдеу-профилактикалық мекемеге _____ жіберілді.

_____ жіберілгенін көрсету)

3. Бұл жазатайым оқиғаның анық-қанығына _____
(т е р г е у

_____ о р г а н ы н ы ң а т а у ы)

" _____ " _____ 199__ ж.

Кеме капитаны, порттың,
вокзалдың, пристанның,
айлақтың бастығы

т . а . э . қ о л ы

Құзыретті органның өкілі (милиция, МАИ, өрт сөндірушілер
қызметі және т.б.).

т . а . э . қ о л ы

Т а с ы м а л д а у ш ы н ы ң

М.О.

5-Қосымша

Тасымалдаушының
бұрыштама
штампы

Тек сақтандыру ұйымдары үшін
(зардап шеккен жолаушының
өзіне немесе оның мұрагерінің

қолына беріледі)

**Жолаушымен автокөлікте болған жазатайым
оқиға туралы**

АКТ N _____

1. Осы акті мынаны растайды: қолында сериясы _____, N
_____ билеті бар азамат _____

(зардап шеккен жолаушының тегі,
_____ 199__ ж. "___" _____ сағ.

_____ а т ы , _____ ә к е с і н і ң _____ а т ы)

_____ минутта _____ (N _____ мембелгісі)

(е л д і _____ м е к е н н е н)

бар автокөлікпен өтіп бара жатқанда зардапқа душар болды:

денсаулығына, өміріне _____
(з а қ ы м н ы ң с и п а т ы)

мүлкіне _____
(мүліктің атауы, бүлінуінің дәрежесі)

мынадай жағдай кезінде: _____
(сақтандыру оқиғасының қысқаша

б а я н д а л у ы)

2. Жазатайым оқиға болған жерден зардап шегуші _____
(з а р д а п

шеккен жолаушының қай жерге, қандай емдеу-профилактикалық мекемеге
_____ жіберілді.

жіберілгенін

көрсету)

3. Осы сақтандыру оқиғасының анық-қанығына _____

(т е р г е у

"__" _____ 199__ ж.

орнының атауы)

Автокөлік кәсіпорнының,
автовокзалдың,
автостанцияның бастығы

т . а . ә . қ о л ы

Құзыретті органның өкілі (милиция, МАИ, өрт сөндірушілер
қызметі және т.б.).

т.а.ә. қолы

Т а с ы м а л д а у ш ы н ы ң

М.О.